

С.Қ. ҚОСАНОВ¹, Ж.С. ӘДІЛХАНОВА², А.М. КАКЕНОВА³

¹филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: Kosan_1964@mail.ru
²аға оқытушы, әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: adilhanova2011@mail.ru
³филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: aldiyar-1976@mail.ru

«ЖАЗЫҚСЫЗ ҚУҒЫНҒА ҰШЫРАҒАН ЖАНДАР» СЮЖЕТІНЕ ҚҰРЫЛҒАН ҚАЗАҚ ДАСТАНДАРЫ

Аңдатпа. Мақалада «Жазықсыз қуғынға ұшыраған жандар» туралы шығыстық сюжетке құрылған бірнеше хикаялық дастандар зерттеу нысанына алынған. Жұмыс барысында ортағасырлық парсы қаламгері З. Нахшабидің «Тотынама» дастаны (қазақша аудармасы, 1991), аталған шығарманың Қазанда басылған түрік-осман редакциясының татар тіліндегі тәржімесі (1904), оның шыңжандық А. Қайырханұлы аударған нұсқасы (1987) қазақ ақындары жырлаған хикаялық дастандармен салыстырыла қарастырылады. Мақалада қазақ ғалымдарының еңбектерімен қатар, алыс-жақын шетел оқымыстыларының зерттеулеріне сүйене отырып, ежелгі Үнді классикалық әдебиеті мен фольклорынан ауысқан ертегілік сюжеттердің («Панчатантра», «Шукасапати») қазақ ертегілері мен хикая-дастандарындағы нақты композициялық қызметі, даму сипаттары айқындалған.

Ғылыми мақалада үнді жинақтарынан енген сюжеттердің фольклорлық табиғатымен қатар, олардың қазақтың жазба әдебиет бастауларына жағымды әсер еткендігі мысалдар арқылы дәлелденеді. Осы орайда автор қазақ дастаншылары мен ертекшілері үнді сюжеттерімен ауызша түрде ғана емес, әдеби жолмен – жазбаша кітап, қолжазба арқылы да таныс болған деп санайды.

Мақалада «Мұрат Салих пен Мағрипа», «Мархұма», «Сапаһи», «Қызыл гүл», «Раунақ», «Гүлдәсте», «Асылбек пен Гүлжиһан», т.б. қазақ дастандары мен ертегілерде оқиға желісіне өзек болатын «әйелдің адалдығы мен тапқырлығы, ақылдылығы мен тақуалығы» туралы фольклорлық мотивтердің типологиялық ерекшеліктері жан-жақты сарапталған.

Кілт сөздер: фольклор, сюжет, шығыс, типология, әйелдің адалдығы, қолжазба, тоты.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Қосанов С.Қ., Әділханова Ж.С., Какенова А.М. «Жазықсыз қуғынға ұшыраған жандар» сюжетіне құрылған қазақ дастандары // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №3 (137). – Б. 41–54. <https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.232>

***Cite us correctly:**

Qosanov S.Q., Adilhanova Zh.S., Kakenova A.M. «Zhazyqsyz qugynga ushyragan zhandar» siuzhetine qurylgan qazaq dastandary [Kazakh Dastans Based on the Plot of “Innocently Persecuted People”] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №3 (137). – Б. 41–54. <https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.232>

Мақаланың редакцияға түскен күні 11.01.2025 / қабылданған күні 30.09.2025

S.K. Kusanov¹, J.S. Adilkhanova², A.M. Kakenova³¹*Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: Kosan_1964@mail.ru*²*Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: adilhanova2011@mail.ru*³*Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: aldiyar-1976@mail.ru***Kazakh Dastans Based on the Plot of “Innocently Persecuted People”**

Abstract. The article takes as the subject of research several dastans of novelistic content, based on the Eastern plot of «innocently persecuted people». In the course of the work, the dastan “Totinama” of the medieval Persian writer Z. Nakhshabi (Kazakh translation, 1991), the Tatar translation of the Turkish-Ottoman edition of this work, published in Kazan (1904), and one of its variants in the translation of Xinjiangsky Kazakh A. Kayrkhanuly (1987) are compared with dastans of novelistic content, sung by Kazakh poets. In addition to the works of Kazakh scientists, the article, based on the research of scientists from far and near abroad, defines the specific compositional function and features of the development of fairy tales transferred from ancient Indian classical literature and folklore (“Panchatantra”, “Shukasaptati”) in Kazakh fairy tales and novelistic dastans.

In scientific article, in addition to the folklore nature of stories from Indian collections, their positive influence on the emergence of Kazakh written literature is proven using examples. In this regard, the author believes that Kazakh poets and storytellers were familiar with Indian stories not only orally, but also through written books and manuscripts.

The article comprehensively analyzes the typological features of folklore motifs about “honesty and ingenuity, intelligence and piety of a woman”, which occupy a central place in the plot line of Kazakh dastans and fairy tales such as “Murat Salih and Magripa”, “Markhuma”, “Sapahi”, “Kyzyl Gul”, “Raunak”, “Guldeste”, “Asylbek and Guljikhana” and others.

Keywords: folklore, plot, east, typology, female fidelity, manuscript, parrot.

С.Қ. Кусанов¹, Ж.С. Адилханова², А.М. Какенова³¹*кандидат филологических наук, старший преподаватель
Казахский национальный университет им. аль-Фараби
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: Kosan_1964@mail.ru*²*старший преподаватель Казахского национального университета им. аль-Фараби
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: adilhanova2011@mail.ru*³*кандидат филологических наук, старший преподаватель
Казахский национальный университет им. аль-Фараби
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: aldiyar-1976@mail.ru***Казахские дастаны, основанные по сюжету «невинно преследуемые люди»**

Аннотация. В статье в качестве предмета исследования взяты несколько дастанов новеллистического содержания, основанных на восточном сюжете «невинно преследуемых людей». В ходе работы были рассмотрены дастан «Тотинама» средневекового персидского писателя З. Нахшаби (казахский перевод, 1991 г.), татарский перевод турецко-османской редакции указанного произведения, изданного в Казани (1904 г.), и один из его вариантов в переводе Синьцзянского казаха А. Кайрханулы (1987) сравниваются с дастанами новеллистического содержания, воспетыми казахскими поэтами. В статье наряду с работами казахских ученых, основываясь к исследованиям ученых дальнего и ближнего зарубежья,

определяется конкретная композиционная функция и особенности развития сказочных сюжетов перенесенных из древнеиндийской классической литературы и фольклора («Панчатантра», «Шукасапата») в казахских сказках и новеллистических дастанах.

В научной статье, помимо фольклорного характера рассказов из индийских сборников, на примерах доказываемся их положительное влияние на зарождение казахской письменной литературы. В связи с этим автор считает, что казахские поэты и сказители были знакомы с индийскими историями не только устно, но и через письменные книги и рукописи.

В статье всесторонне анализируются типологические особенности фольклорных мотивов о «честности и изобретательности, уме и благочестии женщины», которые занимают центральное место в сюжетной линии казахских дастанов и сказок такие как «Мурат Салих и Магрипа», «Мархума», «Сапахи», «Кызыл Гюль», «Раунак», «Гюльдесте», «Асылбек и Гульджихан» и другие.

Ключевые слова: фольклор, сюжет, восток, типология, женская верность, рукопись, попугай.

Кіріспе

Дастан жанры XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының рухани-әдеби өмірінде аса маңызды рөлге ие екендігі мәлім. Шығыстық сюжетке құрылған дастан-хикаялар өткен ғасырдағы сан ұрпақтың рухани-мәдени сұранысын қанағаттандырып қана қоймай, жазба әдебиетке жол алған белсенді жанр. Тәуелсіздік кезеңінде қазақ фольклорындағы дастан жанры мен оның туу, даму жолдары жаңаша ойлау тұрғысынан қайта қарастырылып, бірқатар ғылыми зерттеу жұмыстарының нысанына айналды. Атап айтқанда, Ә. Қоңыратбаевтың, С. Талжановтың, Р. Бердібаевтың, Ө. Күмісбаевтың, А. Қыраубаеваның, Б. Әзібаеваның, Н. Келімбетовтің, Н. Жармағамбетовтің, С. Қасқабасовтың, т.б. ғалымдардың еңбектерінде Шығыс әдебиеті мен фольклорынан енген сюжет-мотивтердің қазақ ертегілері мен хикая-дастандарындағы көрінісі түрліше деңгейде талданғанын көреміз. Авторлар араб, парсы және үнді классикалық әдебиетінің қазақ мәдениетіне тигізген игі әсері туралы, Қазақстан мен Шығыс халықтары арасындағы ежелден келе жатқан рухани сабақтастық пен өзара ықпалдастық мәселелері жайында ой толғайды. Әсіресе, Шығыс сюжеттерінің қазақ даласына таралу жолдары, хикая, дастандар мен ертегілерге арқау болған көне сарындардың шығу тегі, түпнұсқа шығармаларымен ара қатынасы, олардың түрлі типологиялық үлгілері Орта ғасырлық Шығыс пен Ислам мәдениетінің контекстінде салыстыра сараланған.

Қазақ әдебиеті мен фольклорының тарихына көз салғанда, XIX ғасырдың екінші жартысында кең құлаш жайған дастан жанрының синкретті сипатын ойға ұстай отырып, жазба әдебиет пен фольклордың ара салмағы қандай екендігін саралау қажеттігі туындайды. Екі ғасыр тоғысындағы қазақ әдебиетінің рухани сұранысын толықтай өтеген шытырман әрі сыршыл жанрдың ел арасында тез танылып, таралуына ескіше шығыс медресесін бітірген молда, тәліб, тілмаш-тәржімандардан бұрын сауатты ақындар көп тер төккені мәлім. Бірақ Кеңес өкіметінің солақай саясаты «шығысшыл» дарын иелеріне жазықсыз жала жабумен болды. Олардың ең көрнекті өкілдерінің бірі Тұрмағамбет Ізтілеуұлы «діндар, молда, саяси сенімсіз адам» деген желеу-жаламен түрмеге жабылды. Қармақшыда туған аса білімпаз, талантты ақын қазақ топырағында «Тотынама» сюжеттерін алғаш нәзиралаушылардың бірі еді. «Кәмила мен Димна» мысалдарына еліктеп көптеген хикаялар шығарған Мәшһүр Жүсіп шығармашылығы да ұзақ жылдар бойына зерттелмей, жарияланбай келді.

Бұл бағыт өкілдерінің шығармашылығындағы шығыс сарындары XX ғасырдың 60-жылдары әдебиет сыншыларының партиялық сынына ілікті. Аталған бағыт өкілдерінің әдеби мұралар шын мәнінде, тек өткен ғасырдың 90-жылдары ғана ғылыми нысанға алынып,

зерттеліп, жариялана бастаған-ды. Бір кездері әдебиеттанушы Б. Кенжебаев: «Рас, XX ғасыр басындағы әлгі аталған ақын-жазушылардың көрген мектебі, оқып, нәр, азық алған әдебиеті – ертедегі араб, парсы әдебиеті, қазақтың, татардың, азербайжанның, Орта Азия халықтарының бұрынғы әдебиеті, шығыстың әдеби дәстүрі еді. Бұлардың кейбіреулері, біраз ретте араб, парсы хикаяларын, «Мың бір түн», «Шаһнама», «Тотының тоқсан тарауы» әңгімелерін, қазақтың ертеке аңыздарын бұрынғы Шығыс әдебиеті дәстүрінде қисса, дастан, мысал, назым етіп жазды» [1, 138-б.] деген пайымды пікір білдірген болатын. Әйтсе де ол тұста Тұрмағамбет, Шәді, Мәшһүр Жүсіп, Шораяқтың Омары, Мақыш, Ақылбек, Жүсіпбекқожа, Нұралы, Ақыт қажы, Кете Жүсіп, Нұржан, Ақмолла, Майлықожа, Ерімбет, Әріп сияқты көптеген ақындарды ел танығанмен, етене білген жоқ, өйткені «шығысшыл», «кітаби» деп теріс айдар тағылған ақындарымыздың шығармашылығын оқытуға тиым салынғаны мәлім.

Осы айтылған мәселелерді ескере келгенде, ұсынылып отырған мақаланың ғылыми өзектілігі және бүгінгі әдебиет пен фольклор ғылымының міндеттерін шешуде қажеттілігі айқын деп ойлаймыз. Мақаланы жазу барысында соңғы жылдарда ежелгі шығыс мәдениеті мұраларының қазақ әдебиетіне тигізген игі ықпалы жайында жазылған бірқатар ғылыми еңбектерге [2] назар аударылды.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Қазақ дастандарының өнімді бөлігін хикаялық дастандар құрайтыны белгілі. Мақалада новеллалық бағыттағы тақырыптар мен сарындары бойына сіңірген осындай шығармалардың негізгі идеясы мен олардың кейіпкерлер жүйесі, сюжеттік құрылымындағы ерекшеліктеріне бүгінгі ғылыми талаптар тұрғысынан сараптама жасалды. Зерттеу жұмысының нысаны ретінде қазақ фольклорының 100 томдық «Бабалар сөзі» топтамасына енген қисса, дастандар мен ертегілер мәтіні және Кете Жүсіп, Тұрмағамбет, Таңжарық, Жанұзақ сынды жекелеген ақындар жырлаған шығармалар қарастырылды.

Мақаланы жазу кезінде тарихи-типологиялық, салыстырмалы компоративистикалық және әдеби синтез әдістері қолданылды. Отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық еңбектері мен ғылыми тұжырымдары қаперге алынды. Сонымен бірге әдеби және пәнаралық байланыстардың ғылыми нәтижелеріне мән берілді.

Талдау мен нәтижелер

«Жазықсыз қуғынға ұшыраған жандар» туралы шығыстық сюжет көптеген қазақ дастандарының басты тақырыбына айналған. Біз бұл арада үнді, парсы және қазақ фольклорына қатысты пікір білдіріп отырмыз. Себебі, аталған сюжеттің әлемнің көптеген елдерінің халық әдебиетінде ежелден бар халықаралық сюжеттердің бірі болып табылатындығы аян.

Қазақ дастандарын зерттеуші Б.Әзібаева осындай сюжеттерге құрылған фольклорлық шығармалардың мазмұнын үш бөлікте қарастырады. Соның үшінші үлгісі төменде біз талдағалы отырған дастандардың сюжетіне сәйкес келеді. Ғалым былай дейді: «Күйеуі [әкесі] алыс сапарға шыққанда әйелін [қызын] сенімді, жақын көретін (ол туысы болуы да мүмкін) адамына тапсырады. Сенімді, адал деген адамы аманатқа қиянат жасап, оған нақақтан-нақақ жала жабады. Бейкүнә әйел (қыз) өлім жазасына кесіледі. Бірақ ол түрлі себептермен аман қалады. Ақырында жасалған жауыздықтың беті ашылып, жала жапқандар жазаланады». Осы сюжетке құрылған шығармалардың мазмұны басқа да үлгіде болуы мүмкін [3, 327-б.].

Дастанда бұл типтегі шығармаларда жазықсыз жалаға ұшырап, бастарына қауіп-қатер төнген әйелдердің адалдығы мен туралығы дәріптеледі. Ғалымның пікіріне сүйенсек, ондай кейіпкерлер «сабыры мен тақуалығының арқасында қиындықты жеңіп шығады, өзінің тазалығын, әділдігін дәлелдейді және көбінесе өзін орынсыз жәбірлегендерге кешірім

жасайды; мұндай жағдайға кейіпкерлер «ғажайып көмекшілердің» арқасында иә өз басының ерекшелігімен, яғни тұлғалық қасиеттерімен жетеді. Хикаялық дастандарда кейіпкер өте ақылды, сабырлы, төзімді, айлалы, тіпті қу болып келеді» [3, 328-б].

Мұндай сюжеттерді «Тотынама», «Мың бір түн» ертегілері мен дастандарынан көптеп кездестіруге болады. «Жазықсыз қуғын көрген жандар» жайындағы сюжеттер, сондай-ақ, түркілік аңыздардан бастау алатын «Мұңлық-Зарлық», «Шаншар хан», «Күлмес хан», «Үш ойшыл» сияқты халық эпостарына арқау болған. Осы қатардағы маңызды сюжеттердің бірі Алаштың түп атасы саналатын Алаш хан туралы тарихи-шежірелік аңыз екендігі шүбәсіз. Бұл көне аңыздың шығу тегі мен оның ұлттық тарихымыздың өткеніндегі аса мәнді тұстары жөнінде алғаш сөз еткен Ш.Уәлиханов болатын [4, 259-б.].

Енді «Жазықсыз қуғын көрген жандар» туралы сюжеттерге басты негіз болған әйелдің адалдығы мен ақылдылығы және тақуалығы жайындағы мотивтерге тоқталайық. Ондай сарындар нәзирашыл ақындар мен халық жыршыларының репертуарындағы бірнеше қазақ дастандарының сюжеттік фабуласын құраған. Мысалы «Марқұма», «Раунақ», «Рауа-бану», «Асылбек пен Гүлжиһан», «Мұрат Салих пен Мағрипа», «Болат, Жанат», т.б. новеллалық және романдық (ғашықтық) дастандарымызда Шығыс әйелдерінің отбасы мен сүйген жарына, ата-анасы мен туған еліне деген адал махаббаты, кіршіксіз сезімі мен сабырлы мінезі, қиыншылыққа төзімділігі, ақылы мен турашылдығы жан-жақты сипатталады. Ақын-жазушылар өзі ұнатқан сюжетті түрліше құбылта отырып, кейіпкерлерін сан-алуан өмір сынағынан өткізеді. Сөйтіп ақырында әйелдің не қыздың бойындағы бағалы қасиеттерді жыр тілімен образды түрде сенімді дәлелдеп шығады.

«Әйелдің адалдығы мен тапқырлығы» туралы сюжет «Тотынаманың» 33-түніндегі «Ұтарид әйелі Хұршид һәм жігіттің» әңгімесінде баяндалған. Үнді ертегісінің қысқаша мазмұны былай өрбиді:

Бір шаһарда Ұтарид атты кәтіб (кітап көшіруші) өмір сүріпті. Оның сұлулығы сондай Хұршид деген әйелі болады. Бір күндері Ұтарид алыс сапарға шығады да, үй-жайын Қайбан атты інісіне тапсырады. Ағасы жоқта Қайбан жеңгесіне қырындап, ашыналық сөз салады. Хұршид үзілді-кесілді қарсылық білдіреді. Бірақ қайнысы бұған кектеніп, әйелге жала жауып, шаһардың зұлым әміріне алып барады. Хұршидті таспен атқылап жазалайды. Әйтсе де ол тірі қалып, қайын атасының үйін паналайды. Жарақаты жазылып, қайтадан сұлу қалпына келген Хұршидке енді сол үйдің Латиф атты ересек ұлы құмартып, тиісе бастайды. Әйел көнбеген соң Латиф те ашуға мініп, түнде кішкентай бауырын пышақтап өлтіріп, қанға малынған пышақты Хұршидтің төсегіне жасырады. Бұл қылмыс әшкере болғанмен, қайын атасы әйелдің адалдығын сезіп, жазаға тартпаса да туыстары оны қаңғыртып жібереді. Әйел дала кезіп жүріп, күнәсі үшін таяққа жығылып жатқан Шәріп деген бозбаланы айыбын төлеп, босатып алады. Жігіт әйел мұны мені ұнатқаннан жасады деп ойлап, арам ниетке қадам басады.

Хұршид Меккеге бара жатқан кемеге мінгенде әлгі жігіт те қоса мінеді. Мақсатына жете алмаған Шәріп «бұл әйел – менің күнім еді» деп бір көпеске сатып жібереді. Хұршид саудагерге өзінің текті әулеттің келіні екендігін сендіре алмай, Құдайға жалбарып, қатты мінәжат етеді. Сол кезде зор дауыл тұрып, кеме суға бата бастайды. Саудагер әйелдің адалдығын түсініп, оған жанашырлық танытқан кезде дауыл тынып, кеме есен-аман бір аралға тоқтайды.

Хұршид енді жан баласына сенбей, шашын күзеп, жапанда тұрған мазарға шырақшы болады. Ақырында әулие әйел атанады. Сонымен бірге түрлі ауыр кесел-сырқаттарды да емдейді. Бұл хабар жер-жерге тарап, бір күні мазарға баяғы өзіне қиянат жасаған үш адам – соқыр Қайбан, мешел Латиф, алапес Шәріп келеді. Қайбанның қасында әйелдің бұрынғы күйеуі Ұтарид те бар екен. Хұршид оларды танып, өзін білдірмей: «Сіздердің кеселдеріңіз біреуге жасаған қиянаттың себебінен болған. Шындықты жасырмай, жасаған күнәларыңды

айтсандар ғана ауырудан айығасындар» дейді. Сөйтеді де үш ұрының қиянаты мен олардың қылмысын мойындап үңгірден құтылғаны туралы аңызды айтып береді. Содан келген сырқаттар да ойланып, біздің де істеген күнәміз осындай еді ғой деп, Хұршидке жасаған қылмыстарын түгел жайып салады.

Осыдан соң Хұршид бұрынғы күйеуі Ұтаридке бет-жүзін ашып, өзін танытады. Әйел әлгі үш кемтар жігітке қол жайып бата берген соң олар да сырқатынан айығады, істеген істеріне қатты өкініп, Хұршидтің аяғына жығылады. Әйел үш жігітке кешірім жасайды [5, 198–202-бб.].

«Тотынамадағы» осы әңгіме қазақ дастандарына да өзек болған. Солардың бірі – «Мұрат Салих пен Мағрипа» дастаны.

Дастанның түпнұсқадан қандай сюжеттік айырмашылығы бар? Бұл сауалға екі шығарманың кейіпкерлер жүйесіне және құрылымдық ерекшеліктеріне қарап жауап беруге болады.

«Тотынамада» Тоты мен Хұжасте атты келіншектің кезекті (33-түн) түнгі әңгімесі екеуара сұхбаттан бастау алады. Тоты әйел өміріне үлгі боларлық бір әңгіменің шетін шығарады. Хұжасте одан айтып беруін өтінеді. Одан арғы оқиға біршама ұқсас өтеді. Қазақ дастандарында кіріспе жыр-өлең айтылады. Осы дәстүрлі беташар сөзде жыршы дастанның мақсаты, бас кейіпкердің қысқа портреті (мінездеме), болатын оқиғаның емеуріні мен оның эпикалық мекен-жайын атап өтеді. Дастанның экспозициялық бөлігі осымен бітіп, әрі қарай бас кейіпкерлердің толық сипаттамасы және әдетте, эпостық шығармалардың басты қозғаушы мотиві – үй иесінің алыс сапарға аттануы сөз болады. дастанда «Болыпты бір саудагер Түркістанда» деп оқиғаның кейіпкерлері түркі жерінің тұрғындары екендігін таныстырады. Ал «Тотынама» ертегісінде «О, Түркістан перілерінің әміршісі!» деп Тоты Хұжастеге қарата айтқан. Яғни қазақ шаһары онда әңгіме басталмас бұрын сұхбат арасында келіншектің көңілін көтеру үшін мадақ – эпитет ретінде ғана айтылғанын байқаймыз. Сондай-ақ Мұрат Салихтың әйелі Мағрипа «наху-сарып», «мұктасар» оқығаны, яғни арабша грамматика, сөз өнері негіздері мен медресеге арналған Құран бөлімдерін сауатты меңгергені туралы дастандағы мәліметтер үнді ертегісінде айтылмаған.

«Тотынамада» Ұтаридтің жай ғана сапарға шыққаны баяндалса, қазақ дастанында Мұрат Салих Меккеге қажылық сапарына аттанады. Екі шығармадағы кісі аттары да елеулі айырмашылық бар. «Тотынамада» бас кейіпкер Ұтарид пен оның сұлу әйелі Хұршид болса, қазақ дастанында Мұрат Салих пен Мағрипа. Үнді ертегілерінде әйелге қиянат жасаушы қайнысының есімі – Қайбан, ал дастанда – Ясаж. «Тотынамада» Хұршидті паталатқан өзінің қайын атасы болса, дастанда – жолаушы Ағыраби. Үнді ертегісінде әйелдің екінші қайнысының аты – Латиф, ал қазақ дастанында оны Ағрабидің есімі белгісіз інісі ауыстырады. «Тотынамада» Хұршид құтқарып қалған жігіттің аты – Шәріп те, дастанда – Намұрұт.

Бұл жерде біз «Мұрат Салих пен Мағрипа» дастанын «Тотынаманың» З.Нахшаби жазған версиясымен салыстырған едік. Шынына келгенде, қазақ дастанының сюжеті З. Нахшабиден емес, Қазанда басылған (1904) «Тотынаманың» түрік-осман редакциясының татар тіліндегі тәржімесінен алынғаны белгілі болды. Оның үстіне Қытайдағы қазақтар арасында үнді жинағының А.Қайырханұлы аударған нұсқасы да көптен белгілі (1987) болатын.

Нақтырақ айтқанда, «Мұрат Салих пен Мағрипа» дастанының сюжеті Қазанда басылған «Тотынаманың» 9-түнінде баяндалатын «Түркістан еліндегі Салих жомарт пен Мархума қатынның хикаясы» атты әңгімеге негізделгенін және түпнұсқа кітаптан онша алшақ кетпегенін көреміз. Дастандағы кейіпкерлер есімі де сол кітаптан алынған. Тек Мархума орнына Мағрипа атын қойғаны болмаса, басқа өзгеріс жоқ.

Жалпы, парсы тіліндегі «Тотынама» мен оның түрік-осман тіліндегі версиясында айтарлықтай айырма жоқ. Екі мәтіннің мазмұнынан бір ғана сюжеттік ауытқу аңғарылады. Ол: Мағрипа – Мархуманың кемеде күн ретінде сатылуынан соңғы эпизодтары. Осы сюжеттік ерекшелік екі шығармада төмендегіше көрініс тапқан.

1) «Тотынама» (З. Нахшаби – Е. Бертельс – Ә. Қоңыратбаев): Хұршид күн ретінде бір саудагерге сатылады. Әйел саудагерге өзінің дегдарлығын, тақуалығын айтып, ол сенбегесін Құдайға жалбарынып, зар жылайды. Дауыл тұрып, кеме суға бата бастағанда, саудагер әйелдің тазалығына сеніп, оған жанашырлық білдіреді. Дауыл тынып, кеме бір жағалауға тоқтағанда Хұршид түседі де түзде иесіз тұрған мазарға шырақшы болып тұрады.

2) «Тотынама» (Осман-түрік версиясы – А. Файзханұлы – А. Қайырханұлы): Мархума күн ретінде кемешілерге сатылады. Кемедегі еркектер әйелге таласа бастайды. Әр қайсысы «маған ти» деп мазасын алған соң, Мархума: «Күресіп, қай жеңгенің мені аласыңдар» – дейді. Кемедегі еркектер төбелесіп, бірін-бірі суға лақтырып, соңында Мархума жалғыз өзі ғана қалады. Кеме жағаға тірелген соң әйел судан шығып, еркекше киініп алады да сол елдің патшасына барады. Кемедегі қазынаны патшаға сыйлайды. Патша Мархумаға арнайы үй салып береді.

Бұдан соңғы оқиғалар екі нұсқада да ұқсас. Хұршид мазарда, Мархума әлгі үйде емшілікпен айналысады. Баяғы үш қиянатшыл жігіт сырқаттанып әйелдің алдына келіп, күнәларын мойындайды. Әділет салтанат құрып, әйелдің адалдығы мен тақуалығы дәлелденіп, бұрынғы күйеуіне қайта қосылады. Қазақ дастандарында да осы «бақытты финал» өзгеріссіз қайталанатын. Әсіресе, ӘӨИ қолжазба қорында (ш. 884, 7-дәп.) сақталған «Марқұма» сюжеті аталған кітаби нұсқалармен мейлінше үйлеседі.

Қазақ фольклорына «Тотынама» әңгімелерінен ауысқан бұл сюжет «Мархұма» атты ертегіде толық көрініс тапқан. Фольклортанушы С. Қасқабасов өзінің «Ертегінің ішкі жанрлары мен поэтикасы» деген еңбегінде аталған ертегінің сюжетіне тоқтала келіп мынадай ой сабақтайды:

«Осындай жарына адал әйелдер туралы новеллалық ертегілердің өзі бір топ. Әйелдер жаланың кесірінен қаншалықты азап шегіп, адам айтқысыз қорлық көрсе де, адамгершілік, имандылық қасиеттерін жоғалтпайды, барлық ауыртпашылыққа төзе біледі, ақыл мен сабырлылық арқасында қиыншылықтың бәрін жеңіп, мұратына жетеді.

Ал, олардың қарсыластары нағыз зұлым, екіжүзді болып көрсетіледі, алайда – жағымсыз кейіпкерлердің қылықтары ашық мінезмейді, ащы сынға алынбайды. Оларды новеллалық ертегі өзінің бас кейіпкерінің байыптылық, кеңпейілділік сияқты қасиеттері, өнегелі өмірі арқылы әшкерелейді. Сондықтан да ертегіде жәбірленген кейіпкер жауыздардан кек алмайды, оларды аяп, мүсіркейді, кешірім қылады. Мұның бәрі новеллалық ертегінің жанрлық тұрғыдан сипаттайды» [6, 237-б.].

«Тотынама», «Мың бір түн», «Қырық уәзір», «Бахтиярдың қиссасы» секілді Шығыс дастандарында әйелдің аярлық, мекерлік мінездеріне көп орын берілген. Ондай хикая, аңыздарда әйелдер күйеуі үйінде болсын, мейлі сапарда болсын қандай бір амал-айламен қулығын асырып, күйеуін ғана емес, көңілдерін де, ұрыны да, тіпті билік өкілдерін де жер қаптырып, ойлаған мақсаттарына жетеді. Әрине, бұл шығармаларда әйелдердің жақсы мінездері де қамтылған. Бірақ әйелдердің мекерлігіне яки тақуалығына байланысты түрлі мазмұндағы сюжеттерге негіз болған көне сарындар үнді қоғамындағы әр дәуірдегі саяси, діни және әлеуметтік өзгерістерге сай сан құбылып отырғанын аңғару қиын емес. Бұл орайда шығыстанушы П.А. Гринцердің:

«Жиектелген хикаят» - ежелгі және ортағасырлық Үндістандағы әйелдерге деген көзқарас туралы, неке мен отбасылық өмірдің түрлері мен шарттары туралы, яғни зерттеушілердің көптен бері назарын аударған нақ осы мәселелерге қатысты ауқымды әрі өте қызықты материалдарды қамтиды.

Әйелдің табиғаты, мәні мен қадір-қасиеті туралы үнділік көзқарастар өте қарама-қайшы болды. Бір жағынан, ведиялық дәуірде әйелдер отбасында, әсіресе балаларды тәрбиелеу мәселелерінде ер адамдармен тең құқықтарға ие болған. Екінші жағынан, Ригведада әйелдер құбылмалы деп аталады, олардың жүректері гиеналардың жүректерімен салыстырылады» [7, 153-б.], – деген пікірі соның айғағы. Ғалымның жазуынша, эпос бір жағынан «Махабхаратадағы» – Драупади мен «Рамаянадағы» – Сита секілді көптің құрметіне бөленген ғажап, мінсіз әйелдердің образын бейнелесе, екінші жағынан сол «Махабхаратаның» өзінде әйелдер еркектерді жолдан тайдыру үшін жаралған, яғни сезім ләззаты – әйел өміріндегі басты мақсат. Ал «Рамаянада» Лакшман әйелдерді табиғатында катал және қаскөй ретінде сипаттайды [7, 154-б.].

Қазақ дастандарын зерттеуші Б. Әзібаева академик С.Ф. Ольденбургтің ғылыми тұжырымдарына сүйеніп, әйел – кейіпкерге қатысты мотивтерді былай жіктейді: а) күйеуінің сапарға кетерде әйелінің қажеті үшін немесе біреуге алдын ала аманатқа қалдырған ақшасын қайтару; б) өзінің абыройына нұқсан келтіруге әрекет еткендерді жазалау; в) күйеуінің арнамысына тиюшілерді жазалау; г) өз нәпсісінің пайдасын жоғары қою. Бұл жағдайда көп версияларға «а» және «б» мотивтер тән. Осы сарындарға құралған шығармаларда әйел-кейіпкер қылмыскерді сотқа тарту үшін билеушілердің (патша, хан, т.б.) көмегіне жүгінеді. Ал екінші мотив бойынша арам ниеттілерді күйеуі жазалауы мүмкін; «в» және «г» мотивтерге негізделген сюжеттерде әйел ешқашан билеушіге жүгінбей, оларды өзі яки күйеуі жазалайды [8, 83-б.] Осындай сарындарға құрылған шығыстық ертегілер мен дастандарда әйел – кейіпкердің сұлулығы мен аярлығы, ақылы мен тапқырлығы, қулығы мен опасыздығы, парасаты мен тақуалығы сияқты барша мінез-құлқы адам таң қаларлықтай жарқырай көрінеді.

Әйел мекерлігі мен тақуалығын сюжеттік арқау еткен қазақ дастандарының тағы бір қатары контаминацияланған және жергілікті ұлттық және түркілік сарындарды бойына мол сіңіруімен ерекшеленеді. Солардың бірі – «Асылбек пен Гүлжиһанның қиссасы» (Дастан мәтінін ӘӨИ қолжазба қорына 1959 жылы Ресейдің Куйбышев облысының тұрғыны Нұрмұхамбет Жүсіпәлиев тапсырған – С.Қ.).

Дастандағы оқиғалар жоғарыдағы жазғанымыздай, үнді ертегілерінің бірнеше түнгі әңгімелерінің біріктірілуі немесе контаминацияға ұшырауы арқылы түзілген. Мұнда: 1) күйеудің әйелін ерекше сүйуі; 2) үй иесінің алыс сапарға аттануы; 3) жақын адамдарының қастығы; 4) әйелдің пәктігін сынау үшін дүние-малды бәске тігу; 5) әйелдің күйеуі тарапынан қуғындалуы; 6) әйелдің теңіз үстінде көп қиындыққа душар болып, аралға тұрақтауы; 7) ақыл, білімнің арқасында патшаның ықыласына бөленуі; 8) әйелдің еркек кейпіне енуі; 9) оған патша қызының ғашық болуы; 10) үш жұма мәулет сұрауы; 11) әйелдің өзіне және күйеуіне қастық еткендерді жазалауы; 12) күйеуіне кешірім жасауы; 13) күйеуіне патша қызын тоқалдыққа алып беруі; 14) патшаның әйелді әмір, күйеуін уәзір қызметіне тағайындауы сынды сюжеттік сарындар көрініс тапқан.

Дастанда осынша мол мотивтердің орын алуы шығармада тек «Тотынама» ғана емес, «Мың бір түн», «Синдбаднама» әңгімелерінің сюжеттерінен кіріккен, жамалған, тиектелген (обрамленные) хикаялардың үлесі барлығын айқын аңғартады. Шығыстың рамалық тәсілімен түзілген қыстырма әңгімелері қазақ дастандарында контаминацияға ұшырауы жиі кездесетін құбылыс. Бұл бір жағынан нәзиралық әдебиеттегі ең көп орын алған өнімді тәсілдің бірі. Шығыстық сюжеттің дала қазақтары арасында жырлануы ұлттық фольклорымыз бен руханиятымызда «Тотынама» хикаяларының маңызды орын алатындығының жарқын куәсі десек, артық айтқандық емес.

Шығыс қиссалары мен оның айтушылары қазақ сахарасындағы айтыстан соңғы екінші театр және оның сахнагерлері сияқты әсер қалдырады. Қазақтың көне үнді, араб, парсы сюжеттеріне құрылған шытырман оқиғалы дастандары барша халық сүйіп оқып, тыңдаған

жалпыұлттық әдеби-фольклорлық мирасқа айналды. Онда орта ғасырлық Еуропа романдарына тән белгілер де бар еді. Мұның бәрі өз кезінде қазақ романы мен поэма жанрының қалыптасуына берік негіз жасады.

«Асылбек пен Гүлжиһан қиссасының» соңында жыршы оқырманына:

Романды жаздық арнап мысал үшін,

Ойыңа қалай келсе, солай түсін.

«Ақтың отын ақымақ өшіре алмас»,

Дегені дұрыс мақал соның үшін [9, 260-б.],

– дейді. Бұл сөздер тектен-тек жазылмаса керек. С.А.Қасқабасовтың жоғарыда аталған зерттеу еңбектерінде: «Осылай бүкіл әңгіме бойы сюжеттер мен эпизодтар бірінің үстіне бірі жамалып, ертегінің оқиғалары қоюлана түседі де, мазмұны өте қызықты болады. Сөйтіп, бұл типтес ертегілер «халық романына» тән сипат алады», – [6, 244-б.] деп жазуы да осы пікірдің дұрыстығын дәлелдейді.

Қазақ дастандарының генезисі мен поэтикасын зерттеу барысында бұл ірі жанрдың қалыптасу, даму жолында шығыстың классикалық әдебиеті мен фольклорлық шығармаларының ықпалы өте күшті екендігін көреміз. Сондай-ақ осы бір көлемді әрі күрделі жанрдың поэтикалық болмысына қазақ эпосының, әсіресе ертегілер мен батырлық жырлардың тигізген ізгі әсері мол. Оны біз «Тотынамадан» ауысқан сюжет-мотивтерге құрылған қазақ дастандарының мазмұнынан да анық аңғарамыз. Бұл орайда фольклордағы тарихи-салыстырмалы және типологиялық сараптаулардың нәтижелері аса құнды болмақ.

Орыс ғалымы Б.Н. Путиловтың: «Бұл жанрдың поэтикасын тұтастай және оның элементтері бойынша түсіну үшін бізге сол халықтың фольклорынан да, одан тыс жерлерде де материал таба отырып, салыстырмалы тарихи-типологиялық талдау жүргізу өте қажет» [10, 16-б.] деген тұжырымы да соны меңзейді.

«Тотынама» сюжеттеріне құрылған тағы бір қазақ дастанын талдап көрейік. Мысалы, Кете Жүсіп Ешниязұлы жырлаған «Раунақ» атты дастанда үнді ертегісінің бірнеше түнгі әңгімелерінен алынған сюжеттердің ізі сақталған. Дастанның қысқаша мазмұны: Алдыңғы дастандағы Асылбек сияқты Раунақ та бір байдың жалғыз ұлы. Қалыңмалға жүз қара мал беріп Әбдіжәлел байдың Күлжамал атты қызын әйелдікке алады. Раунақ сұлу әйелін қызғанып ешбір жаққа шығып жұмыс істемей, табыс таппай үйінде отыра береді. Дастанның кіріспе бөлімі осылай бітеді. Шығарманың бастамасы (зачинь) «Тотынаманың» (1991) қазақша аудармасындағы 4-және 42-түндердің оқиғаларын еске түсіреді. Немесе осы сюжетке құрылған «Сапаһи» атты қазақ ертегісін алайық. «Тотынаманың» (3. Нахшаби версиясы) 4-түнінің тиек әңгімесінде сұлу әйелін қызғанып, жұмыстан қол үзіп, кедейшілікке ұрынған жауынгер туралы баяндалады. Қазақ ертегісінде осы әңгіменің сарыны айқын сезіледі. Сонымен бірге осыған ұқсас сюжеттік сарын «Қызыл гүл» ертегісінде де кездеседі.

Аталған қазақ ертегілері мен «Тотынаманың» негізгі бөлімінің сюжетіне негіз болатын мотив – «солмайтын гүл». Қызғаншақ жігітке әйелі өз адалдығының айнымас белгісі ретінде қызыл гүл сыйлайды. Гүлдің үнемі ашылып, жайнап тұруы – ғашық жардың пәктігін ишаралайды. Ал әмір баласы болса, жігіттің айтқанына сенбей, оның әйелін сынамақ болып, соңында жауынгердің адал жарынан кешірім сұрауға мәжбүр. Кете Жүсіп дастанына келсек, үйден шықпай, кәсіпсіз отырған күйеуіне Күлжамал өзінің суретін салып береді де, «сағынғанда соған қарап сағынышыңды басарсың» дейді.

Раунақ әйеліне қош айтып, сауда мақсатымен Бұхара шаһарына келеді. Базарда танысқан сарт оған ғашығының суретін көрсетеді. Сонда Раунақ «менің қолымда құр ғашық әйел емес, адал сүйген жарымның суреті бар» деп, қалтасындағы әйелінің суретін сартқа көрсетеді. Әлгі тәжік оған сенбей:

Болмасын бұған сеніп ықтиярың,

Ақылсыз жігіт екенсің мұнша жарым.

Сапарға сені алдап қоя беріп,
Артында той етеді ол жаллабың.
Тамыр боп сол жарыңнан белгі әкелсем,
Кіреуге беремісің барлық малың.
Бір белгі сол жарыңнан әкелмесем,
Сенікі болсын менің мүлкім-малым,

[11, 105-б.] – дейді. Сол арада Раунақ пен сарт шарттасып, мал-мүліктерін бәске тігеді. Сарт Мекке шаһарына сауда жасаған болып барып, түрлі айла қолданып, кемпірдің көмегімен Күлжамалдың жүзігін және жалаңаш суретін салып алып қайтады. Алған заттарын куәлікке тарта отырып, әйелінің опасыз, бұзық екендігіне Раунақтың көзін жеткізіп, оның бар мал-мүлкін олжалап алады. Жігіт қасындағы он құлын Құдай жолына азат етіп, өзі диуана болып кетеді. Сол құлдарының арасындағы Дана құл атты қожасына жанашыр біреуі Меккеге барып болған жайды Күлжамалға хабарлайды. Күлжамал қасына Дана құлды ертіп, көп қазынамен Бұқараға келеді. Мұнан соң баяғы сарттың дүкенін тауып танысады да айламен мас қылып, жамбасына мөр басады.

Ертеңіне шаһар қазысына барып: «Менің бір мөр басқан құлым бар еді, қазір менің айтқаныма көнбей тұр» – дейді. Қазы жендеттеріне айтып, сартты алдырып тексерсе, жамбасындағы мөр әшкере болады. Ақыры, әйел даналықпен, айламен Раунақтың алдында бірін-біріне танытпастан сарттың зұлымдығын өзіне айтқызып, мойындатады. Өзі күйеуіне қайта қосылып, бақытты ғұмыр кешеді. Сарт пен кемпір жазасын алады [11, 113–114-бб.].

«Раунақ» дастанындағы әйелдің күйеуіне адалдығы және күйеуінің ар-намысына, дүние-малына қол сұққан күнәһарды жазалау сарындары «Тотынаманың» 4-ші және 33-түнінің әңгімелерімен үндес келеді. Алғашқысында жауынгердің әйелі күйеуінің және өзінің намысын қорламақшы болған әмір баласын тәубаға түсірсе, екіншісінде көп қиындықтан кейін әйел (Ұтаридің әйелі – Хұршид) өзіне залал келтірген және күйеуінен айрылып, қаңғып кетуіне себепкер жандардың «басын игізіп», соңыра оларға кешірім жасайды. «Тотынаманың» парсы тіліндегі версиясын дін жолындағы сопы ақындар жазғандықтан, қылмыскерлер жеңіл жазамен құтылып отырады. Керісінше, «Асылбек пен Гүлжиһан», «Раунақ» секілді қазақ дастандарында қылмыскерлер тиісті жазасын алады, далалықтардың әділетшіл, опасыздыққа жаны қас қатал заңы үстемдік құрады. Кете Жүсіптің халыққа айтар фибрат сөзі де дастанның басты идеясымен өзектес өріледі:

Жалғанда ердің жақсы амандығы,
Жақсы әйел жарық қылар қараңғыны.
Жігіттің жан жолдасы – жақсы қатын,
Сұлулық бірдей болса адалдығы.
Әйелдің ақылымен ақырында
Әркімнің өзін тапты арамдығы.
Қапас боп қараңғы үйде кемпір өтті,
Өмірі көріп өтті жаман күнді.
Раунақ – Күлжамалдың хикаясын

Ақырын молла Жүсіп тамам қылды, – деп ақын шығармасының түйінін бітіріп, нәзиралық әдебиет өкілдерінше өз есімін мәлімдеп, қолын қояды [11, 114-б.].

Біздіңше «әйелдің адалдығы» мен «жазықсыз қуғын көрген жандар» туралы Шығыстық сюжет сарындарының басым көпшілігі қазақ эпосына «Тотынама» әңгімесінен келгендігі анық. Оған үнді ертегілеріндегі 4-түніндегі әңгіменің сюжетін дәл қайталайтын «Гүлдәсте» дастаны да айғақ. Аталған фольклорлық шығарманың жырлаушы, айтушылары белгісіз. Араб әрпімен көшірілген (1956 ж.) қолжазбаны ӘӨИ қорына өткізген фольклортанушы Н.Төрекұлов. Осы тақырыптағы өзге дастандар сияқты мұнда да ғашықтық, қызғаныш сезімдерімен бірге әйел-кейіпкердің арлылығы, имандылығы, білімділігі мен ақылдылық

қасиеттері ерекше сипатқа ие. Әйел өзінің ғана емес, сонымен қатар сүйген жары – күйеуінің де ар-намысын аяқасты етпекші болған арам ниетті пенделердің жолын кесіп, ақыл-парасатының арқасында олардан биік тұрады. Дастанның финалдық бөлімінде әйелді жолдан тайдырмақ болған екі жігіт пен патша әйелден кешірім өтініп, әйелді өзіне өкіл қыз, жігітті өкіл күйеу және шаһардың әкімі етіп сайлайды [12, 1-31-б.].

Белгісіз ақынның мәліметіне қарағанда дастанның үнді ертегісінен нәзіралануы еш дау тудырмайды. Мұны ақынның:

Кітапқа «Тотынама» қойылған ат,
Насыр-дүр парсы тілімен жазылған хат.
Парсыны түркі тілге айналдырдым,
Көңілі есіткеннің болсын деп шат,

– деген сөздері толық дәлелдейді. Кітаптың парсы тілінде болуы және насыр (проза) түрінде баяндалуы да соның айғағы. Бұған қарап, ақын «Тотынаманың» З. Нахшаби версиясымен, не болмаса сол ізбен өзге біреу қайта көшіріп, Ташкент, Душанбе қалаларының бірінде басылған кітаби нұсқалармен таныс болған деп ойлаймыз. Бірақ қай кітаптан, қандай нұсқадан екендігі беймәлім болса да, бұл «Тотынама» (З.Нахшаби) сюжеті екенін білеміз.

Әлбетте, бұл арада қазақ фольклорындағы ежелгі үнді сюжеттері тікелей санскрит немесе кейінгі һинди тілінен емес, «Тотынаманың» орта ғасырлық парсы-тәжік тіліндегі редакцияларының қолжазба нұсқалары мен Қазан, Ташкент, Стамбул қалаларында жарық көрген түркі тіліндегі тәржімехал кітаптары арқылы жеткенін ескерген орынды. Ал түркі-иран әдебиетінің мәдени байланыстары тым әріден бастау алып, Ислам халифаты, Ғазнауи мемлекеті заманынан бері қарай қарқынды дамығаны мәлім. Белгілі фольклортанушы Х.Г. Короглының: «Түріктердің халық жырлары (озандар) ең алдымен ирандықтардың дастандық эпостарын өз тілдерінде қайта жаңғыртты немесе ирандықтардың стильдік тәсілдерін қолдана отырып жаңа түркі тастандарын туғызды. Сөйтіп, шамамен, XVI–XVII ғасырлардан бастап иран, түркі және (сирек жағдайда) араб сюжеттерінің желісі бойынша жүздеген дастандар дүниеге келді» [13, 44-б.] – деген пікірлері де осыған саяды. Қазақ әдебиетіндегі шығыстық дәстүрді қарастырған зерттеушілердің: «Мың бір түннің» ежелгі негізін парсыдан арабшаға аударылған үнді-ирандық ертегілер құрайды» [14, 91-б.] деген тұжырымдары да жоғарыда айтылған ойларды қуаттай түседі.

«Әйелдің даналығы» жайында мотив туралы көрнекті орыс фольклортанушысы Проптың еңбегінде де қамтылады. Зерттеуші бұл сарынның орыс фольклорында сирек кездесетінін жаза келіп, былайша ой өрбітеді: «Сюжет этот не привился на русской почве. Известен только один русский и один украинский варианты. Испытание, налагаемое мужем, воспринимается как издевательство над совершенно невинной женой. В средние века сюжет был более популярен, известны многие литературные обработки его (в том числе новелла Боккаччо), и в ту эпоху, на фоне литературы о злых женах, он имел большое значение как попытка возвеличить достоинство и добродетели женщины» [15, 300-б.]. Бұған қарағанда көне үнді ертегілерінің батыс Еуропаға көбірек тарағанын аңғару қиын емес. Демек, шығыстанушы Е.Э. Бертельс «Түнгі әңгімелердің жауһары» [16, 8-б.] деп атаған «Тотынама» ертегілері әлем халықтарын әлі де тамсандырып, қалың оқырманның рухани азығына айнала берері сөзсіз.

Қорытынды

«Тотынама» әңгімелерінің сюжеті – ондағы сан қырлы тұрмыстық-әлеуметтік сарындардың қарапайым шыншылдығы мен шытырман, шымыр оқиғалары Еуропа халықтарының тұрғындарын ғана емес, қазақ далаларының қиялға бай көшпелі халқын да таңдай қақтырды. «Тотынама» Батыста Бокачо, Г. Мопассан шығармаларының стиліне елеулі әсер етсе, оның махаббат сарындары қазақтың романдық эпостарының дамуына

едәуір ықпал жасағаны анық. Ғылыми мақалада үнді жинақтарынан енген сюжеттердің фольклорлық табиғатымен қатар, олардың қазақтың жазба әдебиет бастауларына жағымды әсер еткендігі нақтылана түсті. Бұл орайда қазақ дастаншылары мен ертекшілері үнді сюжеттерімен ауызша түрде ғана емес, әдеби жолмен – жазбаша кітап, қолжазба арқылы да таныс болғаны аңғарылады. Әрине, фольклор нәзирасы тек Абай, Шәкәрім, Шәді дастандарымен шектелмейді. Бұл бағыттағы Майлықожа, Мәшһүр Жүсіп, Нұралы, Тұрмағамбет, Таңжарық, Омар, Кете Жүсіп шығармашылығына да әділ ғылыми көзқарас қажеттігі қаперге алынды.

Мақалада сюжеттері салыстырыла сарапталған «Мұңлық-Зарлық», «Мархұма», «Раунақ», «Қызыл гүл», «Сапани», «Гүлдәсте», «Асылбек пен Гүлжиһан», т.б. қазақ дастандары негізінен Шығыс мотивтерін, «Тотынама» сарындарын басты арқау еткен. Осы тектес шығармалардың сюжеттік құрамында «Тотынамадан» өзге «Мың бір түн», «Синбаттың жеті сапары», «Кәлила мен Димна» сынды Шығыс ертегілерінен ауысқан сарындар да жетерлік. Әйтсе де, қайсы бір дастан болмасын, олардың бастамасы мен финальдық бөліктерінен, тіпті кейіпкерлер образынан да ұлттық болмыс-бітім, қазақы таным, көшпелі тіршілікке сәйкес ұғым-түсініктер дәйім де байқалып тұрады. Мәселен, үнді сюжеттерінің желісіне құрылған шығармалардың біразында ұлттық фольклорымызға хас «перзентсіздік», «қалыңмал», «серттесу», «барымта» сияқты жергілікті, тұрақты сарындар да кездесіп отырады.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде бірқатар қазақ дастандарында «Тотынамадан» ауысқан «әйел мекерлігі», «әйелдің тақуалығы» және «ақылды, тапқыр әйел» мотивтері көрініс тапқаны айқындалды. Типологиялық сараптау барысында көне үнділік «Тотынамада» баяндалатын тоты құс пен Хұжасте арасындағы тиектелген әңгімелердің кейбіреулері «жазықсыз қуғын көрген жандар» туралы сюжетті арқау еткен бірқатар қазақ ертегілері мен хикаялық дастандарға негіз болғаны дәлелденді. Тағы бір назар аударатын нәрсе, қазақ топырағындағы «Тотынама» әңгімелерінің кейбіреуі түпнұсқаны түгелдей қайталаса, енді бірқатар сюжет-мотивтердің контаминацияға ұшырағаны байқалады.

Бұл орайда «Тотынама» сюжеттері қазақ фольклорының ертегі, хикая, дастан, мысал сияқты жанрларының жаңа, тың сарындарымен толығуына, тақырыптық, идеялық тұрғыда дамып, кемелденуіне зор ықпал жасаған деп тұжырымдаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті туралы // «Әдеби мұра және оны зерттеу» конфер. мат.-ры. – Алматы: ҚазКСР ҒА баспасы, 1961. – 375 б.
2. Қасқабасов С. Таңдамалы. Т.1. Қазақтың халық прозасы. Зерттеулер. – Астана: Фолиант, 2014. – 320 б.; Әзібаева Б.У. Қазақ эпосының сюжеттері: монография. – Алматы: «Servise Press», 2014. – 576 б.; Қазіргі әдебиет және фольклор. – Алматы: Арда, 2009. – 480 б.; Дала фольклорының антологиясы: Он томдық. – Т. 8: Прозалық фольклор: Аңыздар. – Алматы: Brand Book, 2020. – 472 б.; Тулеубаева С. «Тысяча и одна ночь» в казахской фольклорной традиции (на примере каз. сказочного эпоса): Автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2004. – 25 с.
3. Әзібаева Б. Нәзігүл. Томға енген мәтіндерге ғылыми түсініктеме // Кіт.: Бабалар сөзі. Жүз томдық. Хикаялық дастандар. Т 23. – Астана: Фолиант, 2005. – 360 б.
4. Валиханов Ч. Избранные произведения / Вступ. статья А.Х. Маргулана. – М.: Наука, 1997. – 414 с.
5. Нахшаби З. Тотынама / Орыс тілінен ауд. Ә. Қоңыратбаев, Т. Қоңыратбаев. – Алматы: Жазушы, 1991. – 301 б.
6. Қасқабасов С. Жан азық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
7. Гринцер П.А. Древнеиндийская проза. – М.: Издательство Восточной литературы, 1963. – 265 с.
8. Азибаева Б. Казахский дастанный эпос. – Алматы: Ғылым, 1998. – 250 с.
9. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Ғашықтық дастандар. Т 21. – Астана: Фолиант, 2005. – 304 б.

10. Путилов Б.Н. Современные проблемы исторической поэтики фольклора // В кн.: Фольклор. Поэтическая система. – М.: Наука, 1977. – 343 с.
11. Кете Жүсіп (өлең-толғаулар, дастандар мен айтыстар). – Алматы: Арыс, 2003. – 116 б.
12. Гүлдәсте. (дастан). ӘӨИ, ҚҚ: ш. 854, 3-дәп.
13. Короглы Х.Г. Взаимосвязи эпоса народов Средней Азии, Ирана и Азербайджана. – М.: Наука, 1983. – 386 с.
14. Камишева Г.А., Жанбердиева Ұ.Н., Төлебаева А.Т. Қазақ әдебиетіндегі шығыстық дәстүр («Мың бір түн» ертегілері негізінде) // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – №1(131). – Б. 91–102.
15. Пропп В.Я. Общая характеристика новеллистических сказок // В кн.: Русская сказка (Собрание трудов В.Я. Проппа) / Научная редакция, комментарии Ю.С. Рассказова. – М.: Издательство «Лабиринт», 2000. – 416 с.
16. Бертельс Д.Е. Предисловие // В кн.: Зийад-Дин Нахшаби. Книга попугая (Тути-наме). – М.: «Наука» Главная редакция восточной литературы, 1979. – 348 с.

REFERENCES

1. Kenzhebaev B. XX gasyr basyndagy qazaq adebieti turaly [About Kazakh literature at the beginning of the XX century] // «Adebi mura zhane ony zertteu» konfer. mat.-ry. – Almaty: QazКСR GA baspasy, 1961. – 375 b. [in Kazakh]
2. Qasqabasov S. Tandamaly. T.1. Qazaqtyn halyq prozasy. Zertteuler [Custom. T. 1. Kazakh folk prose. Research]. – Astana: Foliant, 2014. – 320 b. [in Kazakh]; Azibaeva B.U. Qazaq eposynyn siuzhetteri: monografia [Plots of the Kazakh epic: monograph]. – Almaty: «Servise Press», 2014. – 576 b. [in Kazakh]; Qazirgi adebiat zhane folklore [Modern literature and folklore]. – Almaty: Arda, 2009. – 480 b. [in Kazakh]; Dala folklorynyn antologiasy: On tomdyq. – T. 8: Prozalyq folklor: Anyzdar [Anthology of Steppe folklore: in ten volumes. - Vol. 8: prose folklore: legends]. – Almaty: Brand Book, 2020. – 472 b. [in Kazakh]; Tuleubaeva S. «Tysiacha i odna noch» v kazahskoi folklornoj tradicii (na primere kaz. skazochного eposa): Avtoref. ... kand. filol. nauk. [“One Thousand and one nights” in the Kazakh folklore tradition (on the example of Kaz. a fabulous epic): Abstract]. – Almaty, 2004. – 25 s. [in Russian]
3. Azibaeva B. Nazigul. Tomga engen matinderge gylymi tusinikeme // Kit.: Babalar sozi. Zhuz tomdyq. Hikaialyq dastandar. T 23 [Scientific commentary on the texts included in the volume // In: The word of ancestors. One hundred volumes. Story sagas. T 23]. – Astana: Foliant, 2005. – 360 b. [in Kazakh]
4. Valihanov Ch. Izbrannye proizvedenia [Selected works] / Vstup. statia A.H. Margulana. – M.: Nauka, 1997. – 414 s. [in Russian]
5. Nahshabi Z. Totynama [Totynama] / Orys tilinen aud. A. Qonyratbaev, T. Qonyratbaev. – Almaty: Zhazushy, 1991. – 301 b. [in Kazakh]
6. Qasqabasov S. Zhan azyq. Ar zhylygy zertteuler [Soul food. Research every year]. – Astana: Audarma, 2002. – 584 b. [in Kazakh]
7. Grincer P.A. Drevneindiskaia proza [Ancient Indian prose]. – M.: Izdatelstvo Vostochnoi literatury, 1963. – 265 s. [in Russian]
8. Azibaeva B. Kazahskiy dastannyy epos [The Kazakh Dastan epic]. – Almaty: Gylym, 1998. – 250 s. [in Russian]
9. Babalar sozi. Zhyz tomdyq. Gashyqtyq dastandar. T 21 [The word of ancestors. One hundred volumes. Love epics. T 21]. – Astana: Foliant, 2005. – 304 b. [in Kazakh]
10. Putilov B.N. Sovremennye problemy istoricheskoi poetiki folklora // V kn.: Folklor. Poeticheskaiя Sistema [Modern problems of historical poetics of folklore // In: Folklore. The poetic system]. – M.: Nauka, 1977. – 343 s. [in Russian]
11. Kete Zhusip (olen-tolgaular, dastandar men aitystar) [Kete Zhusup (poems-reflections, sagas and aitys)]. – Almaty: Arys, 2003. – 116 b. [in Kazakh]
12. Guldaste. (dastan) [Guldasta. (saga)]. AOI, QQ: sh. 854, 3-dәp. [in Kazakh]
13. Korogly H.G. Vzaimosviazi eposa narodov Srednei Azii, Irana i Azerbaidzhana [On loan from the epic of the peoples of Central Asia, Iran and Azerbaijan]. – M.: Nauka, 1983. – 386 s. [in Russian]

-
14. Kamisheva G.A., Zhanbershieva U.N., Tolebaeva A.T. Qazaq adebietindegi shygystyq dastur («Myn bir tun» ertegileri negizinde) [Oriental traditions in Kazakh literature (based on the fairy tales “One Thousand and One Nights”)] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2024. – №1(131). – B. 91–102. [in Kazakh]
 15. Propp V.Ia. Obshaia harakteristika novellisticheskikh skazok // V kn.: Russkaia skazka (Sobranie trudov V.Ia. Proppa) [General characteristics of short-story fairy tales // In: Russian Fairy Tale (Collected works of V. Propp)] / Nauchnaia redakcia, kommentarii Iu.S. Rasskazova. – M.: Izdatelstvo «Labirint», 2000. – 416 s. [in Russian]
 16. Bertels D.E. Predislovie // Ziad-Din Nahshabi. Kniga popugaia (Tuti-name) [Preface // In: Ziyad-Din Nakhshabi. The Book of the Parrot (Tuti-name)]. – M.: «Nauka» Glavnaia redakcia vostochnoi literatury, 1979. – 348 c. [in Russian]